


17.12.24
«Бекітемін»
№136 жалпы орта
мектеп директоры
Мырзакасымова Л.Н



**Педагог-логопедтің 2024-2025 оқу жылына арналған
жылдық рефлексиялық есебі**

№136 жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-логопедтің жылдық рефлексиялық есебі

Педагог-логопедтің 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы логопедиялық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚЖ жылдық жұмыс жоспары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, мектеп логопедінің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға логопедиялық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, сөйлеу карталары, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б) дайындалды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

2024-2025 оқу жылында педагог-логопедтің түзете-дамыту сабақтарына 21 бала тіркеуге алынды. ПМПЖ қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес 21 білім алушы, түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Олардың ішінде, СТЖД 1- 2-3-деңгейімен ПМПЖ анықтаған 17 оқушы оқу мен жазудың бұзылыстары бар – 1 оқушы және тұтықпасы бар 3 оқушы тізімге алынды.

Әр тоқсан сайын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-логопед, педагог-психолог) сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамаларын (форма 2а,б) толтырды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативті паспорттары толтырылып, зерделенді.

Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқыланды (Әр оқушыға 3-форма, 4-форма, 5-формалары толтырылды).

Білім алуға ерекше қажеттіліктерін бағалау және білім алушыларды логопедиялық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау мақсатында 2024–2025 оқу жылында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің отырысы өткізілді. Отырыста ЕББҚ балаларға қолдау түрлері, жеке дамыту бағдарламаларының мазмұны, ағымдағы диагностика нәтижелері талқыланып, оқу жетістіктері сараланды. Отырыстар хаттамамен рәсімделіп, шешімдер шығарылды.

Оқушыларды логопедиялық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары бекітілді. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары мен жеке дамыту бағдарламаларын жүзеге асырудың тиімділігін бағалау әр тоқсанның соңында ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың сабақтарына қатысу арқылы динамикалық бақылау жүргізілді.

	СТЖД	Жазумен оқудың бұзылысы	Тұтықпа
Анықталды	17	1	3
Шығарылды:	9		1
сабақты жалғастыруға қалдырылды	8	1	2

Оқу жылының соңында толық түзетіліп, тізімнен шығарылған оқушылар саны – 10, олардың 4- оқушы дыбыс айту бұзылыстары бар балалар І-ші жарты жылдықта шығарылған болатын, ал қалған 6 оқушы жыл соңында шығарылды. Айтарлықтай жақсарған оқушылар саны – 8, айтарлықтай жақсармаған – 3, сабақты жалғастыруға қалдырылған оқушылар саны – 11.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2024-2025 оқу жылында 21 ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді.

2024-2025 оқу жылында 21 мектеп мұғалімдеріне (Мұғалімдерге арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді.

